

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың 2014 жылға мақсатты топтарын анықтау және қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы N 14 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 ақпанда N 2560 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі орынбасарының 2015 жылғы 22 қаңтардағы N 7.1.8-15/47 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі орынбасарының 29.01.2015 N 7.1.8-15/47 х а т ы) .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік-Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын мақсатты топтар анықталсын:

- 1) та бы сы аз а да м да р ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп б а л а л ы а т а - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған а да м да р бар а за м ат та р ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке ш ы ғ у ғ а е кі ж ы л қ а л ғ а н) ;
- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м да р ;
- 10) о р а л м а н да р ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын б і т і р у ш і л е р ;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына немесе жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады.

2. 2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) отбасылардың бірде-біреуі жұмыс істемейтін тұлғалары;
- 3) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
- 4) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Айнагүл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімі	М. Әбішев
--	-----------